



**«Педагогика ғылымы студенттердің көзімен»  
халықаралық студенттік ғылыми-практикалық  
конференциясының  
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК  
международной студенческой научно-практической  
конференции  
«Педагогическая наука глазами студентов»**



Қостанай, 2019 ж.

Қостанай, 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

II 24

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ  
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Айдналиева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ташетов Аманжол Асқарұлы**, ғылым және халықаралық байланыстар бөлімінің бастығы, PhD докторы, психология және дефектология кафедрасының қауымдастырылған профессоры
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ермаганбетова Акбота Жаналыковна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі.

**II 24 ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨЗІМЕН  
=ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА ГЛАЗАМИ СТУДЕНТОВ. – Қостанай,  
2019. - 157 б.**

**ISBN 978-601-7934-80-4**

«Педагогика ғылымы студенттердің көзімен» атты халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

Жинаққа «Педагогика ғылымы студенттердің көзімен» атты студенттік ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Мақала авторлары: магистранттар мен студенттер білім беру үрдісінің сапасын арттырудың, білім беруді жаңғыртудың өзекті мәселелерін талқылады.

Осы жинақ студенттерге және магистранттарға арналған.

**ӘОЖ 37.0 (063)**

**КБЖ 74.00**

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019



## БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ МАҚСАТЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ (АКТ)

Макатова Аякөз  
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2 курс студенті  
Қалиев Дастан Дүйсенұлы  
п.ғ.м., педагогика кафедрасының аға оқытушысы  
dastan-kaliev@mail.ru

### *Аннотация*

*Өзектілігі. Мақсаты. Мақалада қазіргі таңда маңызды және қажетті болып табылатын ақпараттық және коммуникациялық технологиялар туралы қысқаша шолу жасалып, оның тиімділігі мен артықшылығы талданды. Оның тек жұмыс барысында ғана емес, сонымен қатар балаларды әлеуметтендіру мақсатында пайдалану керектігі жайлы баяндалады. Баланы әлеуметтендіру мақсатында АКТ-ны пайдалану кезінде пайда болатын қауіп және керісінше әкелетін пайдасы салыстырылып талданды. Нәтижесінде, баланың бәсекелестікке қабілетті тұлға болуы үшін әлеуметтендіруді заманауи технологиямен байланыстыра қолдану қарастырылды.*

### *Аннотация*

*Актуальность. Цель. В статье анализируются эффективность и преимущества информационных и коммуникационных технологий, которые важны и актуальны в настоящее время. Кроме того она должна быть использована не только в процессе работы, но и в целях эффективной социализации детей. В целях социализации ребенка сравнительно были анализированы минусы и плюсы возникающие при использовании ИКТ. В результате, было предусмотрено применение социализации в сочетании с современной технологией для того, чтобы ребенок стал конкурентоспособной личностью.*

### *Abstract*

*Relevance. Goal. The article analyzes the effectiveness and advantages of information and communication technologies, which are important and relevant at the present time. In addition, it should be used not only in the process of work, but also for the effective socialization of children. For the purposes of socialization of the child was comparatively analyzed the advantages and disadvantages arising from the use of ICT. As a result, it was envisaged to use socialization in combination with modern technology to ensure that the child becomes a competitive person.*

***Кілт сөздер:*** *әлеуметтендіру, ақпараттық коммуникациялық технология (АКТ), ақпараттық қоғам, галамтор, қарым-қатынас.*

***Ключивые слова:*** *социализация, информационно-коммуникационное технология, информационное (информатизационное) общество, интернет, взаимодействие.*


***Keywords:*** *socialization, information and communication technology, information (information) society, Internet, interaction.*

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) адамды әлеуметтендіру процесінде айрықша маңызды рөл атқарады. Бүгінгі таңда ақпараттық технологияның артықшылығын пайдаланбай, бірде-бір білім беру мекемесі немесе кез келген басқа мекеме жұмыс жасай алмайды. Іс жүзінде алғанда әрбір үйде компьютерлер, жергілікті желілер, модемдер жәнет.б. бар. Компьютерлер мен мультимедианың әртүрлі құралдары білім беру процесін және жалпы әлеуметтендіру процесін жеңілдетуге және қолжетімді етуге мүмкіндік береді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) әртүрлі жылдам дамып келе жатқан технологияларды қамтиды: телекоммуникациялық

(телефония, кабельдік, спутниктік жүйелер, теледидар мен радио, видеоконференциялар) және сандық (компьютерлер, ақпараттық желілер мен бағдарламалық қамтамасыз ету) [1]. Интернет, мультимедиа құралдары, қашықтан оқыту технологиялары, желілердің өзара әсері – бұлар қазіргі заманның ажырамас бөлігі болып табылады. Тиісінше, қазіргі уақытта АКТ құралдарын қолданбай әлеуметтендіру процесін жүргізу мүмкін емес. Яғни, жоғарыда айтылған деректерге сүйене отырып, біздің ақпаратты жекізу жолдарының көптігі мен олардың өзара әсерлесу шамасының жоғары екенін көреміз. Сәйкесінше, әлеуметтендіру туралы айтқанда оның балаға қалай ықпал ететіндігін білу қажеттілігі туындайды. Солсебепті, әлеуметтендіру ұғымы мен оның АКТ мен өзара әсерін қарастырайық.

Мақаланы зерделеу барысында ғылыми әдебиеттерді пайдалану арқылы толық жан-жақты теориялық мағлұмат жинақталды. Содан кейін, сол мәліметтерді салыстыру әдісі арқылы тақырыбтың қаншалықты тиімді не болмаса зияны анықталды. Әлеуметтендіру көрінісі туралы деректер беретін әдебиеттер қарастырылды абстаркция әдісі арқылы барлық материалдар жүйеленіп, зерттелді. Сонымен қатар АКТ-ны баланы әлеуметтендіру мақсатында пайдалану тақырыбына жаңа көзқарастар қалыптастыру үшін гипотеза әдісі арқылы болжамдар мен пайымдаулар жазылды. Осы тақырыптардан құнды, әрі терең білім алуға өз септігін тигізетін материалдар қолданылды.

Әлеуметтендіру ұғымының ережелері әр қилы, алайда құятын арнасы бір. Яғни, адамды қоғамға кіріктіру болып табылатындығы. Ендіше, төмендегі сызба нұсқаға назар аударып, оның жүйе ретіндегі қызметі туралы тоқталайық. «Әлеуметтендіру» ұғымының классикалық анықтамасына сүйене отырып, біз келесі схеманы құрдық (1-сурет):



Сызбада әлеумет немесе қоғам белгілі бір ортаның әсерінің (тәрбиенің немесе стихиялық процестердің) ықпалында бола отырып, оны сіңіретін индивидке құндылықтарды, білім мен нормаларды қалай тарататыны көрсетілген. Қоғамның құндылықтарын, білімін және нормаларын бөле отырып, адам қоғам өміріне араласып, оның толыққанды мүшесіне айналады.

Алайда, АКТ пайда болғаннан кейін индивидтің өмірі жаңа сапалы деңгейге өтіп өзгерді. Жоғарыда ұсынылған схеманы талдай отырып, ақпараттық технологиялардың одан әрі әлеуметтенуіне ықпал ете отырып, индивидке қашан және қалай әсер ететінін көрсетуге тырысамыз.

Сонымен, өзгерістер қандай деңгейде болды? Тәрбиелеуде? Нормалар, құндылықтар және білім жүйесінде? Сөзсіз, ақпараттық технологиялардың ықпалына

әлеуметтендірудің барлық факторлары ұшырады. Бірақ, ең алдымен, қоғамның өзі өзгерді. Ол «ақпараттық» немесе «ақпараттандыру» болды.

Ақпараттық (ақпараттандыру) қоғам – «өркениет дамуының жаңа тарихи кезеңі, онда өндірістің басты өнімдері ақпарат пен білім болып табылады» [1].

Енді "әлеуметтендіру" ұғымының сызбасы басқаша түрге ие болады (сурет. 2).



Қоғам ақпараттық болып, өз дамуының жаңа кезеңіне өтті, нәтижесінде жеке тұлғаның қалыптасуы басқа жолмен жүріп жатыр. Әлеуметтендіру факторларының негізінде енді ақпараттық технологиялардың негізгі принциптері жатыр. Бұл түсіну және қабылдау қажет шындық.

Ақпараттық қоғамның мақсаты «шығармашылық және өндірістік жоспарда ақпараттық технологияларды (IT) пайдалану артықшылықтары арқылы халықаралық бәсекеге қабілетке ие болу» болып табылады [4].

Мұндай қоғамдық қайта құрудың маркерлері технологиялық, экономикалық, кәсіби, кеңістіктік, мәдени өзгерістер немесе олардың комбинациялары бола алады [4].

Қоғам өзінің жаңа өзгерістер барысында қоғам сондай-ақ мәдени ерекшеліктерге ие болады - бұл «қызмет ету мен таратудың желілік принципі, виртуалды сипаты, ақпаратты берудің қысқа мерзімді және жылдам нысаны» [4]. Осы мәдениет шеңберінде өзгерістерге тұлғаның өзіндік мәні мен рөлі жатады. Бұл жағдайда жеке тұлғалық белсенділік ішкі ынталандырулардан туындайды, өйткені индивидтің «шығармашылыққа, дамуға және өзін-өзі жетілдіруге» бағытталған құндылықтық бағдары өзгереді [2].

Осыдан адамзат бұрын болмаған жаңа проблема туындайды. Шартты түрде оны медиа- немесе ақпараттық-технологиялық кеңістіктің мәдениетіне тарту процесі деп атаймыз. Баланың әлеуметтік тәжірибені меңгеру процесі отбасылық ортада ғана емес, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да, әсіресе Ғаламтор арқылы жүзеге асады. Ғаламтор ғаламшардың кез келген нүктесінде дерлік қол жетімді, сондықтан "Бүкіләлемдік өрмекші" әсерін жасыру мүмкін емес, сондай-ақ оның тек пайдалы жақтары ғана емес, теріс салдары да болуы мүмкін екенін жоққа шығармау қажет.

Барлық жаңа дүние сияқты, әлеуметтік кеңістікті ақпараттандыру қарым-қатынас пен оқыту процесін жеңілдетеді, бірақ сонымен бірге өзіндік қиындықтары да кездеседі. Әлеуметтік желілердің қатысушысы және белсенді пайдаланушысы бола отырып, индивид өз мүдделерінің және қызығушылықтарының шеңберін кеңейте алады, жаңа таныстар пайда болады. Алайда, бұл жерде оны белгілі бір қауіптілік күтуде ол жеке бейресми топтардың ықпалына түсуі мүмкін, олардың мақсаты адамды аморальды немесе заңға қарсы нәрселерге тарту болып табылады.

Сондықтан ақпараттық қоғамды дамыту жағдайында педагогтардың негізгі міндеті - өскелең ұрпақты АКТ мүмкіндіктерін сауатты пайдалануға, олардың ықпалына түспеуге, керісінше, ақпараттық технологияларды өздеріне бағындыруға үйрету.

Тиісінше, баланың "Дүниежүзілік өрмекшідегі" алғашқы қадамдары «ересектермен бақылауда» және «жақсы», «жаман» ұғымдарын меңгерумен бірге жүруі тиіс. Балалардың тек қана желілік қарым-қатынасқа ғана емес, сонымен қатар, компьютерде отыратын жас мөлшері арнайы маманмен анықталынады.

Мысал ретінде балаға АКТ-ның теріс әсерінің алдын-алудың шетелдік тәжірибесін келтіреміз [3].

Білім беру мекемелерінде мынадай мазмұндағы ашық бояулы кестелер ілінеді:

«Мен ғаламторды тек қана мектеппен байланысты жұмысты орындау үшін қолданамын (үй тапсырмасы, рефераттар және т. б.)».

«Менің ұстазым мақұлдаған адамдарға ғана электрондық пошта арқылы хабарлама жіберемін».

«Мен ешқашан дәрекі хабарламаларды жібермеймін; менің хабарламам сыпайы, мен растаған және менің атымнан жазылған».

«Мен басқа адамдардың жеке өміріне (жекелік) құқығын құрметтеймін. Мен олардың аттарын, мекен-жайларын, телефон нөмірін немесе фотосуреттерін жарияламаймын».

«Мен өз атымды ешкімге толық айтпаймын, мекен-жайымды немесе телефон нөмірінді ғаламторда бермеймін».

«Мен Ғаламторда ешкімге жеке кездесуді тағайындамаймын».

«Мен Ғаламторда жарамсыз және дәрекі материал іздемеймін».

«Мен маған жіберілген жағымсыз ақпарат немесе хабарламалар туралы хабарлаймын. Мен осылай басқа оқушылар мен өзінді қорғай алатынымды түсінемін».

«Ешқашан бейтаныс адамның электрондық хабарламаларын ашпаңыз және жауап бермеңіз. Егер белгісіз электрондық хатты көрген болсаң, өзінің мұғаліміне ескерт».

«Ешқашан ешкімге электрондық хатта өз паролінді, мекен-жайынды, телефон нөмірінді немесе мектеп нөмірін, әсіресе бейтаныс адамдарға жіберуге болмайды».

«Егер біреу саған хат жіберсе немесе сен тапқан сайтта, онда жазылған ақпарат саған кері әсер етсе, мұғалімге айтып бер».

«Алдын-ала рұқсатсыз ұтыстарға және лотереяларға қатыспаңыз».

«Алдын-ала рұқсатсыз ғаламтордан ештеңе жүктеп алмаңыз».

Біз көріп отырғанымыздай, осы ережелердің барлығы күнделікті өмірімізден тыс жаңа мағлұматтар ретінде, яғни АКТ таратылмаған кезге дейін болмаған ақпарат ретінде қабылданады.

Алайда, негізгі мазмұны сол қалпында сақталды: бейтаныс адамдармен сөйлесуге және кездесуге болмайды, жауапкершіліксіз жүруге болмайды, ұрлық жасауға немесе белгілі бір маңызды шешімдерді үлкендердің рұқсатынсыз қабылдауға және т.б. Бұл ретте ата-аналар, мұғалімдер, тәрбиешілер шетелдік мамандардың идеяларын сөзбе-сөз аудару емес, олардың тек идеясы негізінде АКТ-ның балаға жағымсыз әсерінің алдын алу ережелерін өздері әзірлеуі тиіс.

Ересектерге балалардың АКТ-ны зерделеп тануда анағұрлым прогрессивті екенін мойындау керек, сондықтан осы ретінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды саладағы барлық олқылықтарды толтырып, өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуға белсене қатысатын одақтастар мен көмекшілер ретінде қарау қажет.

АКТ пайдалану тиімділігі компьютер мен мультимедиа құралдары баланы түрлі білім алуға қызықтыруға мүмкіндік береді. Әдемі безендірілген презентация, оған сауатты құрастырылған мәтін, бейнеклиптерді шебер таңдау — осының бәрі материалды меңгеру процесін жеңілдетеді.

Бүгінгі күні жай компьютермен жұмыс істей білу жеткіліксіз. Өзінің қалаған нақты мақсатына байланысты АКТ-ны меңгеру деңгейінің жақсы болуы қандай да бір бағдарламалық өнімді пайдалану кезінде қажет.

Осылайша, ақпараттық қоғам мүшесінің маңызды құзыреттілігі болып табылады, индивидтің табысты әлеуметтенуіне ықпал етушілер ретінде, мыналар

- адамның әлеуметтену процесін оңтайландыруға көмектесетін АКТ құралдарын жақсы меңгеру;
- барлық ақпараттық кеңістіктен қажетті және маңызды деген ақпаратты саралай алып, белгілеу (оның ішінде ғаламтор-кеңістіктен);
- ақпаратты өзіне және басқаларға тиімді пайдалана білу, яғни берілген ақпаратқа жауап беру және оның мазмұнына байланысты салдарға дайын болу.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1 Глоссарий.ru. Информатизационное общество. [Электронный ресурс] — Режим доступа. — URL: [http://www.glossary.ru/cgi-bin/gl\\_sch2.cgi?RIt%28uwsg.outtul!uh\\$lxylu](http://www.glossary.ru/cgi-bin/gl_sch2.cgi?RIt%28uwsg.outtul!uh$lxylu)

2 Костина А.В. Тенденции развития культуры информационного общества: анализ современных информационных и постиндустриальных концепций // Информационный гуманитарный портал «Знание. Понимание. Умение» / № 4 2009 — Культурология. [Электронный ресурс] — Режим доступа. — URL: [http://zpu-journal.ru/e-zpu/2009/4/Kostina\\_Information\\_Society/](http://zpu-journal.ru/e-zpu/2009/4/Kostina_Information_Society/)

3 **Instant Display Teaching Resources Website.** [Электронный ресурс] — Режим доступа. — URL: <http://www.instantdisplay.co.uk/ict.htm>

4 Yacob Haliso, PhD. Factors Affecting Information and Communication Technologies (ICTs) Use by Academic Librarians in Southwestern Nigeria // Library Philosophy and Practice 2011. [Электронный ресурс] — Режим доступа. — URL: <http://unllib.unl.edu/LPP/haliso.htm>

### **АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ОҚУШЫ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ОҚУШЫ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӘСЕРІН ТӨМЕНДЕТУ ЖОЛДАРЫ**

Нұркелді Перизат  
Ө.Сұлтанғазин атындағы ҚМПУ,  
тарих мамандығының 3 курс студенті  
Аканбаев Баглан Нурланович  
п.ғ.м., педагогика кафедрасының оқытушысы  
[baga\\_a\\_n@mail.ru](mailto:baga_a_n@mail.ru)

#### **Аннотация**

*Мамақалада ақпараттық коммуникативтік технологиялардың оқушы денсаулығына оқушы денсаулығына әсерін төмендету жолдары туралы қарастырылады. Білім беру саласын ақпараттандыру ақпараттық технологияларды танудың маңызды құралдарының бірі болып табылатындықтан, оларды қолдану педагогке оқушылардың жеке білім траекторияларын құру үшін қосымша мүмкіндіктер береді. Сол себепті мақалада жоғарыда көрсетілген мәселені шешудің жолдары талқыланады.*

#### **Аннотация**

*В статье рассматриваются пути снижения влияния инфокоммуникационных технологий на здоровье учащихся. Поскольку информатизация сферы образования является одним из важных инструментов признания информационных технологий, их применение предоставляет педагогу дополнительные возможности для построения*



## МАЗМҰНЫ

## СОДЕРЖАНИЕ

Алғы сөз.....	3
<i>Бережнова Е.В.</i> Система заданий по реализации принципа перехода от обучения к самообучению в профессиональной подготовке магистрантов.....	4

### СЕКЦИЯ 1. «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕРІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР»

<i>Амангельді Ф., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттерінің әлеуметтік белсенді ұстанымдарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары.....	10
<i>Әнуарбек Ә. Ж., Ермаганбетова А. Ж.</i> Заманауи сабақтарда белсенді оқыту стратегияларын пайдалану жолдары.....	16
<i>Бектаева Ә. Б., Утегенова Б. М.</i> Мектепте топтық жұмысты ұйымдастырудың психологиялық- педагогикалық шарттары.....	21
<i>Едрес Т. Н., Ермаганбетова А. Ж.</i> «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде студенттердің ғылыми ізденістеріндегі педагогикадағы өзекті мәселелер.....	25
<i>Жаппар А. С., Хамзина К. Б.</i> Ата-аналардың өлшемді бағалау жүйесін қабылдауы.....	28
<i>Қуаныш А., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттерінің көшбасшылық қасиеттерін педагогика сабақтарында қалыптастыру жолдары.....	31
<i>Макатова А., Қалиев Д. Д.</i> Балаларды әлеуметтендіру мақсатында ақпараттық және коммуникациялық технологияларын пайдалану (акт).....	35
<i>Нұркелді П., Аканбаев Б. Н.</i> Ақпараттық коммуникативтік технологиялардың оқушы денсаулығына оқушы денсаулығына әсерін төмендету жолдары.....	39
<i>Сағындық С. Д., Утегенова Б. М.</i> колледж студенттерінің әлеуметтік бейімделуін педагогикалық басқару жолдары.....	43
<i>Сартаев Р., Қалиев Д. Д.</i> Оқушылардың бос уақытын шығармашылыққа пайдалану.....	47
<i>Сулейменова Г. А., Хамзина К. Б.</i> Бастауыш сыныпта қазақ тілі пәні сабақтарында үштілділікті пайдаланудың өзектілігі.....	50

### СЕКЦИЯ 2. «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

<i>Жаналинова С. А., Ермаганбетова А. Ж.</i> Заманауи мектептердегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру: назарбаев зияткерлік мектептері тәжірибесінен.....	54
<i>Қайырғали Н., Қалиев Д. Д.</i> «Өз бағытынды тап» бағдарламасы кәсіби бағдарлаудың формасы ретінде.....	57
<i>Қуанышбекова Н., Утегенова Б. М.</i> «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша колледж студенттерінің әлеуметтік жоба құруға педагогикалық қолдау.....	60
<i>Нуржигитова М. Қ., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттеріне патриоттыққа тәрбиелеуде “Туған жер” атты ұлттық бағдарламаның іске асыру жолдары.....	65
<i>Сәбитбек Ж., Шалгимбекова А. Б.</i> Отбасы – әлеуметтендіру үдерісінің жетекші институты.....	70



Умарова Г. С., Жоломанова М. Қ., Хамзина К. Б. Бүгінгі жастардың отбасылық құндылықтар мен салт-дәстүр мектебін сақтау мәселелері..... 76

### СЕКЦИЯ 3. «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ В СТУДЕНЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ»

<i>Абдрахманова А.Б., Басанова Ж. М., Иванова Е. Н.</i> Тематический классный час как одна из эффективных форм реализации программы воспитания школьников.....	79
<i>Ажмолдаева М. Д., Иванова Е. Н.</i> Некоторые направления работы социального педагога с семьей, воспитывающей «особого ребенка».....	83
<i>Алимгасинова Г., Лантух Я., Заяц М., Мнайдарова С.С.</i> Портфолио учителя как показатель роста профессиональной компетентности.....	88
<i>Вайленко М. Е., Дзыгало М. А., Бондарь Л. А., Мнайдарова С.С.</i> Технологический подход в обучении.....	94
<i>Вишняк В. В., Иванова Е. Н.</i> Взаимодействие семьи и школы в формировании активной педагогической позиции родителей.....	100
<i>Вишняк В.В., Горбачёва О.С., Мнайдарова С.С.</i> Модель образовательной системы в контексте компетентного подхода к образованию.....	103
<i>Горбачёва О. С., Иванова Е. Н.</i> Некоторые формы реализации направлений воспитания по формированию системы ценностей старших школьников.....	109
<i>Дордый И. О., Кияшко И. А., Молокова А. А., Мнайдарова С.С.</i> Роль лидерства в педагогическом менеджменте.....	113
<i>Жуматова Д. С., Бекенова А. К.</i> Применение информационных технологий как средства интенсификации процесса обучения в вузе.....	120
<i>Жусупбекова Г., Медведок С., Кулагина С., Мнайдарова С.С.</i> Конфликт как явление и феномен социальной сферы жизнедеятельности человека.....	126
<i>Идрисова А. М., Бекенова А. К.</i> Актуальные проблемы педагогики в студенческих исследованиях.....	136
<i>Маусынбаева Д. С., Амединова Ж. О., Мнайдарова С.С.</i> Роль молодежных общественных организаций в казахстане.....	139
<i>Моркель Е. А., Равинская В. А., Фирсова П. А., Мнайдарова С.С.</i> Управление инновациями в современной школе.....	141
<i>Швецов А, С., Самохина И. А., Мнайдарова С.С.</i> Особенности экологического воспитания студентов.....	146
Конференция тұжырымдамасы.....	151
Резолюция конференции.....	153